**1-Тақырып**

## Экономика саласынының жалпы мәселелері

**Сабақтың мақсаты** – Халықаралық экономика құқығынның ұғымын ашудан бұрын «қаржылардың» мағынасымен экономикалық жағдайын анықтау керек.

- Халықаралық экономика құқығының пәні, әдістері.
- Халықаралық экономика құқығының жүйесі

Экономика дегеніміз ақша түріндегі қоғамдық өнімді бөлуге байланысты экономикалық қатынастардың біршама бөлігі.

Қаржылардың ақша түрінде болуы, олардың экономикалық құндылық категорияларына жататындығын жәнеде олардың жүзеге асыру болып табылатындығын көрсетеді. Экономикалық қатынастар бұл өндірістік қатынастарға қосылатындықтан қоғамдық қатынастар жүйесінің басты бөлігі болып табылады. Ал бұл қатынастар өндірістік қатынастардың бір бөлігі ретінде базистік қатынастарға жатады.

Экономикалық құқықтың, қаржылардың қоғамға, адам өмірінен алатын орны мен атқаратын рольдері өте жоғары екені белгілі. Мемлекеттің өсіп өркендеуінің материалдық негізі және ақшалай қамтамасыз етудің қайнар көзі болып табылады. Әрбір азамат әр түрлі жағдайларда және әр түрлі қаржылық институттар арқылы мемлекетпен үнемі тығыз байланыста болады. Азаматтар әр түрлі, әрі тегін әлеуметттік жеңілдіктерді пайдаланулары арқылы қаржылық қаражаттардың тұтынушылары ретінде көрінеді.

Барлық заңды ұйымдар мен жеке тұлғалар қаржылық құқықтың объектісі болып есептелінетін және мемлекеттің ақша жүйесіне қызмет ететін көптеген ақшалай қатынастардың субъектілері болып табылады.

Заң қызметінің қызметкерлері (юрист консульт) өздерінің кәсіпорындарына салықтық заңдардың дәл және өз уақытында орындалуы; банкілермен жасалатын кредиттік қатынастарды дұрыс жасау; ақшасыз есеп айырысуды жүргізу; мүліктерді және жұмыскерлерді сақтандыруды жүзеге асыру; валюталық операцияларды жүргізу жөніндегі ережелерді сақтау жөнінде көмек көрсетуге міндетті.

Экономикалық құқықтың маңызы, әсіресе экономиканы нарықтық негізге көшіріп, түрлендіруге байланысты өсіп отыр.

Халықаралық экономикалық құқық өте күрделі пән болып табылады. Өйткені, бұл құқыққа байланысты нормативті актілердің көптігі, арнайы экономикалық терминдердің қолданылуы, салықтар мен басқа міндетті төлемдердің нарық (ставка) көлемдеріне, оларды төлеу тәртібі мен төлену мерзімдеріне байланысты материалдардың көптігіне байланысты игеріп кету қиынырақ болады.

Халықаралық экономикалық **құқық деп** Мемлекеттің ақша қаражаттары қорларын қалыптастыру, бөлу және пайдалануды ұйымдастыру барысында пайда болатын қоғамдық қатынастар қаржылық құқықтың пәні болып табылады. Қаржылық құқықтың пәніне шарттық әдіспен реттелетін және азаматтық құқық саласына жататын қаржылық қатынастар да қосылған.

Яғни мемлекеттің қаржылық қызметінің барысында пайда болатын қатынастардың барлығы (қаржылық экономикалық қатынастардың бәрі) қаржылық құқықтың пәні болып есептелінеді.

Халықаралық экономикалық **құқықта қоғамдық қатынастарды құқықпен реттеудің екі әдісі қолданылады.**

- бір жақты өктем, әмірлі әдіс (императивтік әмірлі);
- қаржылық шартты әдіс (яғни диспозитивтік келісімге келу).

Халықаралық экономикалық **жүйесі**

Қаржы құқығының жүйесіне: Ақша жүйесінің құқықтық негіздері, қаржыны басқару, жоспарлау, бақылау, бюджеттік, салықтық құқықтар кіреді.

- мемлекеттің қаржы жүйесіне өзінің құрымдылық ерекшелігіне, маңызына және басқа да мәні айқындалған ақшалай қорлардың жиынтығы ретінде көрінеді.
- экономикалық мағынада, қаржы жүйесі өзіне тән белгілі бір ақшалай қорды білдіретін қаржылық – экономикалық институттардың жиынтығынан тұрады.
- ұйымдастырылу мағынасында, қаржы жүйесі мемлекеттің органдары мен қаржылық мекемелерінің жиынтығын көрсетеді.

Мемлекеттің қаржы жүйесінің қазіргі кезде атқаратын қызметі мемлекеттік және жекеменшік қаржылардың аясындағы мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған.

Халықаралық экономикалық **құқықтың жүйесі барлық құқық саласына тән жалпы және ерекше бөлімнен тұрады:**

Жалпы бөлімге келесі институттар кіреді.

- мемлекеттің қаржылық қызметінің құқықлық негіздері
- мем тің ақша жүйесінің құқылық негіздері
- қаржылар саласындағы басқару
- қаржылық жоспарлау
- қаржылық бақылау

Халықаралық экономикалық **құқықтың ерекше бөлімінің құрылымында қаржы жүйесінің құрылымы бар.**

Ерекше бөлімнің институттары:

- бюджеттік құқық қаржы жүйесінің «жалпы мемлекеттік немесе жергілікті, орталықтандырылған қаржылар»;
- қаржылық банкілік құқық «мем тік банкілердің қаржылары»;
- қаржылық сақтандыру құқы «мемлекеттік мүлікті және жеке басты сақтандыру»;
- қаржылық шаруашылық құқы «орталықтандырылмаған қаржылар» бұл институт оқулықтарда «салалық қаржылар» деген атпен аталады;

Халықаралық экономикалық **құқық пен Банкілік құқықтың айырмашылығы.**

Халықаралық экономикалық – банкілік құқық дегеніміз мемлекеттің банкілік қызметі процесінде пайда болатын қоғамдық қатынастарды реттейтін қаржылық құқықтық ерекше бөлімінің құқықтық институттарының бірі.

Халықаралық экономикалық – банкілік құқықтың пәні деп банкілік қызмет барысында пайда болатын қоғамдық қатынастарды, яғни мемлекеттік банктердің ақша қорларын қалыптастыру, бөлу және пайдалануды ұйымдастыру процесінде пайда болатын қоғамдық қатынастарды айтамыз.

Халықаралық экономикалық – банкілік құқықтың екі құқықтық реттеу әдістері бар:

- қаржылық – шартты әдіс. Бұл әдіс, мысалы: банктердің өз клиентттеріне несие беру кезінде пайда болатын қатынастарды реттеуді қолданылады;
- біржақты - өктем әдіс. Ол бюджет пен мемлекеттік банктің арасында пайда болатын осы банктердің кредиттік ресурсы ретінде қолданылатын бюджеттік қаражаттарды сақтау жөніндегі қатынастарды реттейді.

**Өз-өзін бақылау сұрақтары**

- Халықаралық экономикалық құқықта қоғамдық қатынастарды құқықпен реттеудің қандай әдістері қолданылады

**Ұсынылатын әдебиеттер**


- Худяков А.И. Финансовое право Республики Казахстан. Общая часть. – Алматы: Баспа, 2001.
- Худяков А.И. Финансовое право Республики Казахстан. Особенная часть. – Алматы: Норма-К, 2002.

- Худяков А.И. Основы теории финансового права. – Алматы: Жеті Жарғы, 1995.
- Финансовое право: Учебник. / Под ред. Н.И. Химичевой. – М.: Юрист, 1999.
- Финансовое право: Учебник. / Под ред. О.Н. Горбуновой. – М.: Юрист, 2000.
- Қаржы құқығы Найманбаев С 2008.


## 2. Тақырып Мемлекеттің қаржы қызметі.

**Сабақтың мақсаты –** Мемлекеттің қаржылық қызметі аясын түсіну.

- Халықаралық экономикалық қызметінің ұғымы, жүзеге асыру әдістері.
- Халықаралық экономикалық қызметінің формалары, құқықтық негіздері.

Қаржылық қызмет деп өз қарамағына, меншігіне ақша қаражаттарын жұмылдыру арқылы оларды ақшалай қорларға қалыптастыру, осы қорлардан қаражаттарды қажетті тараптарға бөлу, сондай ақ ақша қаражаттары қорларын пайдалануды ұйымдастыру жөніндегі мемлекеттің біртұтас өзінің немесе өзі уәкілдік берген мемлекеттік органдардың іс әрекеттерін айтамыз.

Мемлекеттің қаржылық қызметі аясынан ешбір мемлекеттік органдар тыс қала алмайды және бұл қызмет іс жүзінде барлық шаруашылық субъектілерін қамтиды.

Материалдық мағынасы бойынша Мемлекеттің қаржылық қызметі ақша қаражаттарын жинастыру және оларды жұмсау процесі болып табылады.

Халықаралық экономикалық қызметтің әдісі дегеніміз қаржы жүйесінің құрамына кіретін ақша қорларын қалыптастыру, бөлу және пайдалануды ұйымдастыру кезінде мемлекет жүзеге асыратын нақтылы жолдар мен тәсілдер.

Ақша қорларының әртүрлі болуына байланысты оларды қалыптастыру, бөлу және пайдалануын ұйымдастыру барысында да әртүрлі әдістер қолданылады. Жалпылама алғанда олар үш түрге бөлінеді:

- ақша қорларын қалыптастыру әдістері;
- ақша қорларын бөлу әдістері;
- ақша қорларын пайдалануды ұйымдастыру әдістері.

Ақша қорларын қалыптастыру әдісімен, ақша қорларын бөлудің негізгі әдістері бар.

Ақша қорларын қалыптастыру әдісінің өзі төртке бөлінеді:

- ақша қаражаттарын олардың иелерінен мәжбүрлі бірақ қайтарылмайтын түрде алу;
- ақша қаражаттарын олардың иелерінен мәжбүрлі бірақ қайтарылатын түрде алу;
- ақша қаражаттарын ерікті және қайтарылмайтын түрде жұмылдыру (өз еркімен, ақысыз тегін түрде);
- ақша қаражаттарын ерікті және қайтарылатын түрде жұмылдыру;
- қор ұстаушының (иесінің) өз коммерциялық қызметінен түскен табыстарын пайдалануы;
- эмиссия, айналымға жаңадан ақша немесе бағалы қағаздар шығару.

Ақша қорларын бөлудің негізгі әдістеріне мыналар жатады:

- Қаржыландыру;
- Кредиттеу (несиелеу);
- Қор ұстаушының (бұл жерде мемлекеттің өз қаржылық міндеттемелерін орындауы).

2. Мемлекеттің қаржылық қызметінің формалары.

Мемлекеттің қаржылық қызметі белгілі бір құқықтық формаларға байланысты жүзеге асырылады. Құқықтық форма дегеніміз, ақша қаражаттары қорларын қалыптастыру, бөлу және пайдалануды ұйымдастыру кезіндегі мемлекеттік органдардың

құқықтық нормаларға сәйкестендірілген немесе құқықтық нормаларды іс жүзінде қолданатын әрекеттері.

Халықаралық экономикалық қызмет процесінде қолданылатын нақтылы құқық нормалар толық өктем және өкім ету ретінде жүргізіледі. Сонымен қатар бұл процеске барлық мемлекттік органдар (өкімет және басқару органдары) қатысады.

Мемлекеттік органдар қаржылық қызметті жүзеге асыру кезінде өздерінің өкілеттіктерінің көлемінде қаржылық ресурстарды жұмылдыру, бөлу және пайдалануды ұйымдастыру, сондай ақ пайдалануы жөнінде бақылау жүргізу саласында пайда болатын қоғамдық қатынастарды реттейтін қаржылық құқықтық актілер қабылдайды. Осы актілерді қабылдау мемлекеттік қаржылық қызметінің құқықтық формасы болып табылады.

Халықаралық экономикалық құқықтық актілер қабылдаған органдарына және қаржылық қатынасқа қатысушыларына байланысты мына төмендегідей болып келеді:

- қаржылық заңдар шығару;
- дербес қаржылық құқықтық актілерді шығару;
- екі жақты мәмілеге келуі келісім бойынша шарттар жасау;
- мемлекет мүддесін көздейтін өкілетті органның өз құқықтары мен міндеттерін нақтылы қарастырылуы.

Мемлекеттің қаржылық қызметінің құқықтық негіздері Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қаржылық заңдар болып табылады.

**Өз-өзін бақылау сұрақтары**

- Мемлекеттің қаржылық қызметі
- Мемлекеттік органдар қаржылық қызметті

**Ұсынылатын әдебиеттер**


- Худяков А.И. Финансовое право Республики Казахстан. Общая часть. – Алматы: Баспа, 2001.
- Худяков А.И. Финансовое право Республики Казахстан. Особенная часть. – Алматы: Норма-К, 2002.
- Худяков А.И. Основы теории финансового права. – Алматы: Жеті Жарғы, 1995.
- Финансовое право: Учебник. / Под ред. Н.И. Химичевой. – М.: Юрист, 1999.
- Финансовое право: Учебник. / Под ред. О.Н. Горбуновой. – М.: Юрист, 2000.


## 3. Тақырып   Ақша жүйесінің құқықтық негіздері.

- ҚР Ақша ұғымы және жүйесі.
- ҚР Құн заңының пайда болу формасы.
- Несие жүйесі
- Халықаралық валюталық қатынастар, валютаралық жүйе.

**Ақша жүйесі.** Өндіргіш күштермен тауар қатынастарының біршама жоғары дамуы нәтижесінде ақша пайда болғаны ертеректен белгілі. Ақшаның жаратылысын зерттегендегі басты анық болғаны, ол, оның тауардың шығу тегіне байланысты екені анық. Оның тауардың шығу тегіне байланысты екені анықталған.

Тауар сатуға немесе айырбастауға арналған еңбек өнімі. Осы еңбек өнімінің тауарға айналуы ақшаның пайда болуының объективті алғы шарттарын туғызады.

Жалпы ақша дегеніміз бұл барлық тауарлардың құнын бейнелейтін, жалпыға балама ретінде пайдаланылатын тауарды білдіреді. Ақша экономикадағы ролін өзінің негізгі қызметтері арқылы орындайды.

Қазір экономикада ақшаның атқаратын бес қызметі бар:

- құн өлшемі мен баға масштабы;
- айналыс құралы;
- төлем құралы;
- қорлану және қор жинау құралы;
- дүниежүзілік ақша.

Ақша әруақыттада азаматтық айналымда айналыста болады.

Жалпы ақша айналысы:

- қолма қол ақшалар айналысы;
- қолма қолсыз ақшалар айналысында бөлінеді.

**Құн заңы және оның айналыс аясында пайда болу формасы,**
яғни ақша айналысының заңы тауар ақша қатынастары қалыптасқан барлық қоғамдық формацияға тән болып келеді.

Ақша айналысын қолдап отыру шарттары мен заңдары келесідей екі фактордың өзара әрекет етуімен анықталады:

- шаруашылықтағы ақшаға тән;
- қажеттілік және айналым ақшалардың нақты түсуімен.

**Несие жүйесі.** Несие нарықтық экономиканың тірегі ретінде экономикалық дамудың ажырамас элементін білдіреді. Несиенің пайда болуын өнімдерді өндіру саласынан емес, олардың айырбас саласынан іздеу қажет.

Несие сыйақы төлеп қайтару шартында уақытқа пайдалану, яғни қарызға берілетін қарыз капитал қозғалысын білдіреді. Несие бұл кәсіпорындар, ұйымдар және бірлестіктер, сондай ақ халық арасындағы несие қорын құру және оларды қайтарылу, пайыз төлеу шартында белгілі бір мерзімге уақытша пайдалануға беру негізінде қалыптасатын өндірістік өатынастар жиынтығын білдіреді.

Несиелік мәміле бойынша несиелік қатынастар субъектісіне қарыз беруші және қарыз алушы жатады.

**Халықаралық валюталық қатынастар**

Ұлттық шаруашылық қызметтерінің нәтижесінде өзара қызмет ететін және әлемдік шаруашылықтағы валюталардың қызмет етуі барысында қалыптасатын қоғамдық қатынастар жиынтығын білдіреді.

**Валютаралық жүйе.** Ұлттық заңдылықтармен немесе мемлекетаралық келісім шарттармен бекітілетін валюталық қатынастарды ұйымдастыру және реттеу формасын білдіреді.

Валюталық жүйелер үш түрге бөлінеді:

- ұлттық валюталық жүйе;
- дүниежүзілік валюталық жүйе;
- аймақтық немесе мемлекетаралық валюталық жүйе (бұл түрі ең бірінші қалыптасқан).

## Өз-өзін бақылау сұрақтары

- Құн заңы және оның айналыс аясында пайда болу формасы
- Халықаралық валюталық қатынастар

## Ұсынылатын әдебиеттер


- Худяков А.И. Финансовое право Республики Казахстан. Общая часть. – Алматы: Баспа, 2001.
- Худяков А.И. Финансовое право Республики Казахстан. Особенная часть. – Алматы: Норма-К, 2002.
- Худяков А.И. Основы теории финансового права. – Алматы: Жеті Жарғы, 1995.
- Финансовое право: Учебник. / Под ред. Н.И. Химичевой. – М.: Юрист, 1999.
- Финансовое право: Учебник. / Под ред. О.Н. Горбуновой. – М.: Юрист, 2000.

- **Тақырып Мемлекеттік валюталық реттеудің құқықтық негіздері.**

- ҚР валюта ұғымы.
- Мемлекеттік валюта

**Валюта деп** біріншіден, сол елдің ақша бірлігін; екіншіден, шетелдік мемлекеттердің ақша бірлігін; үшіншіден, ухалықаралық есептесу бірліктері және төлем құралдарын айтамыз.

ҚР да валюталық заң қалыптасу сасатысында. ҚР ның валюталық заңының негізі ҚР ның 1996 жылы 24 желтоқсанда қабылданған «ҚР дағы валюталық реттеу туралы» заңы болып табылады. Заңда валюталық операцияларды іске асырудың принциптері, жеке және заңды тұлғалардың валюталық құндылықтарды илену, пайдалану және оларға билік етуіне қатысты құқықтары мен міндеттері, валюта заңдарын бұзғаны үшін жауапкершілік анықталған.

Валюталық заңдар бойынша резиденттер ағымдағы операцияларды шектеусіз жүзеге асыра алады, ал капиталдың қозғалысымен байланысты операцияларды Ұлттық Банктің бекіткен тәртібі бойынша арнайы рұқсатпен ғана жүргізеді.

Валюталық операциялар дегеніміз:

- Валюталық құндылықтарға меншік құқығы мен басқа да құқықтардың ауысуымен байланысты, сонымен бірге, төлем құралы ретінде шетел валютасын және шетел валютасындағы төлем құжаттарын пайдаланумен байланысты операциялар;
- ҚР на валюталық құндылықтарды әкелу жіне аудару, ҚР нан валюталық құндылықтарды алып шығу және аудару;
- халықаралық ақша аударуды іске асыру.

Валюталық бақылау органдары (Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және Қазақстан Республикасының Үкіметі) мен олардың агенттері валюталық операцияларды жүргізу барысында валюталық заңдардың сақталуын қамтамасыз ету мақсатында валюталық бақылауды іске асырады.

Қазақстан Республикасында валюталық бақылауды іске асыратын негізгі орган ҚР ның Ұлттық Банкі болып табылады.

### Өз-өзін бақылау сұрақтары

- Валюталық операциялар дегеніміз
- Валюталық бақылау органдары

### Ұсынылатын әдебиеттер


- Худяков А.И. Финансовое право Республики Казахстан. Общая часть. – Алматы: Баспа, 2001.
- Худяков А.И. Финансовое право Республики Казахстан. Особенная часть. – Алматы: Норма-К, 2002.
- Худяков А.И. Основы теории финансового права. – Алматы: Жеті Жарғы, 1995.
- Финансовое право: Учебник. / Под ред. Н.И. Химичевой. – М.: Юрист, 1999.
- Финансовое право: Учебник. / Под ред. О.Н. Горбуновой. – М.: Юрист, 2000.


**5. Тақырып Халықаралық экономикалық бақылаудың құқықтық негіздері мен қаржы - құқықтық жауапкершілік.**

- Халықаралық экономикалық бақылау.

• Халықаралық экономикалық бақылау жүйесін реформалауды жүзеге асыру міндеттері.

Мемлекеттік қаржы бақылаудың тиімділігін арттыру туралы пікір көптен бері айтылып жүр. Әлемдік озық тәжірибені ескере отырып, қаржылық бақылаудың қазіргі және тиімді жүйесін қалыптастыруға бағытталған жан жақты шаралар өабылдау қажеттігі туралы да сөз болып келеді.

Тәуелсіздік алғаннан бері республикамызда нарықтық экономика талаптарына сай келетін мемлекеттік қаржы бақылау жүйесін құру жөнінде жүйелі жұмыс жүргізілуде.

Мемлекеттік қаржы бақылау жүйесін жетілдіру идеялары бар. Солардың бірі Қаржы министрлігінің Қаржы бақылау және мемлекеттік сатып алу комитетін аталған министрліктен (Мемлекеттік сатып алу комитетін) бөліп шығару және қаржылық бақылау саласындағы функцияларды Есеп комитетіне беру арқылы қайта құруда ұсынады.

Қайта құрылған Қаржы бақылау комитетінен Қаржы министрлігінің Мемлекеттік сатып алу комитеті мен ішкі бақылау қызметін үйлестіруді жүзеге асыратын құрылымдық бөлімше (басқарма немесе департамент) құрылады. Бұған қосымша ел өңірлерінде өздерінің күш жігерлерін республикалық бюджеттің трансферттер мен субвенциялар түрінде қаражаттарының пайдалануына бақылауды жүзеге асыруға жұмылдырып, есеп комитетінің аумақтық бөлімшелері құрылуға тиіс.

Мемлекеттік қаржы бақылауының тиімділігін арттыру туралы пікір көптен бері айтылып жүр. Әлемдік озық тәжірибені ескере отырып, қаржылық бақылаудың қазіргі және тиімді жүйесін қалыптастыруға бағытталған жан-жақты шаралар қабылдау қажеттігі туралы да дүркін-дүркін сөз болып келеді.
Мұны қаржы саласындағы нақ осы бақылау қызметінің нарықтық қатынастар жағдайында мемлекеттік қаржы ресурстарын тиімді басқару үдерісін қамтамасыз етуге тиіс неғұрлым пәрменді тетіктердің бірі болып табылатынымен түсіндіруге болады. Әңгіме, ең алдымен, мемлекеттік органдардың жұмысы мемлекеттің қатысуымен жүретін немесе мемлекеттің қызметіне байланысты ұйымдардың қаржы және шаруашылық қызметін басқару жүйесін ұйымдастыруды, мемлекеттік бюджетті қалыптастырудың және бюджеттік қаражаттарды пайдаланудың ашықтығын қамтамасыз ету жөнінде болып отыр.
Белгіленген тақырыптың баса назар аударылатын тұстары туралы айту үшін жұмысты жаңадан бастауды ешкімнің де ұсынып отырмағанын қаперге салудың еш артықтығы жоқ. Өйткені, тәуелсіздік алғаннан бері республикамызда нарықтық экономика талаптарына сай келетін мемлекеттік қаржы бақылау жүйесін құру жөнінде жүйелі жұмыс жүргізілуде. Осы орайда біршама тәжірибе жинақталды, алайда, бірқатар кемшіліктерге де жол берілді. Сондықтан қазіргі уақытта мемлекеттік қаржы бақылау органдары қызметінің тиімділігін арттыруға, олардың ойдағыдай жұмыс істеуінің құқықтық және әдістемелік негіздерін нығайтып, одан әрі жетілдіре түсуге байланысты бірқатар проблемалардың төбесі қылтияды.

Бұл ретте саны көп тексерушілердің жұмысында белгілі бір мүдделердің қақтығысы бар екенін жоққа шығаруға болмайды, өкінішке қарай, мұны бәрі бірдей көрсе де көрмегенсіп, жанай өткенді қалайды.

Бұл неге байланысты деген мәселеге келетін болсақ, Үкіметтің бюджет қаражаттарын өзі бөлетіндігімен және олардың жұмсалуын да Қаржы министрлігінің Қаржылық бақылау және мемлекеттік сатып алу комитетінің атынан өзі бақылайтындығымен байланысты екенін айтуға тиіспіз.

Сыртқы және ішкі бақылауды жүзеге асыру жөніндегі өкілеттіктерді заңнамалық бөлудің әлсіздігі салдарынан жұмыс барысында бірін-бірі қайталау элементтері орын алып отыр. Атап айтқанда, Қаржы бақылау комитеті заң бойынша ішкі бақылау қызметі бола отырып, іс жүзінде жергілікті бюджеттердің орындалуының ішкі бақылауын да жүзеге асырады, сөйтіп, мәслихаттардың тексеру комиссияларының функцияларын алмастырумен айналысады.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржылық бақылау комитеті (бұдан әрі - Комитет) орталық атқарушы органның құзыреті шегінде ішкі қаржылық бақылау мемлекеттік сатып алу, аудиторлық қызмет, бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік саласында іске асыру және бақылау функцияларын жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ведомствосы болып табылады.

2005 ж. қаңтардың 1-нен бастап мемлекеттік қаржылық бақылаудың (МҚБ) барлық ұжымдарының құқықтық базасын құру негізі болған ҚР Бюджеттік кодексі күшіне енді.

Жоғары қаржы бақылау органдарының халықаралық ұйымына (ЖҚБОХҰ) мүше елдердің тәжірибесін зерделеу мемлекеттік қаржы бақылаудың олардың басым көпшілігінде сыртқы және ішкі болып бөлінетінін көрсетіп отыр. Халықаралық тәжірибеде бюджеттік үдерісті сыртқы қаржылық бақылау құзыретіне кіретін мемлекеттік органды белгілеу үшін қаржылық бақылаудың жоғары органы (ҚБЖО) деген бір ізге түсірілген атау пайдаланылады. ҚБЖО-ның қызметі кейбір елдерде арнайы заңнамамен, тіпті конституциялық заңдармен реттеледі. Көптеген дамыған елдерде мемлекеттік қаражаттарды жұмсау аудитімен қатар, кірістерді есептеу, жинау және жұмсаудың барлық аспектілерінің аудиті де жүзеге асырылады. Бұл орайда олардың бюджетке қосылған-қосылмағанына қарамастан, мемлекеттің барлық кірістері мен шығыстары аудиттік тексеруге жатады. ҚБЖО немесе жеке аудиторлық ұйымдар жүргізген мемлекеттік қаражатты басқару тиімділігі аудитінің нәтижелері міндетті түрде жұртшылық назарына ұсынылуға тиіс.
Бұдан басқа, әлемнің алпыстан аса елінде, оның ішінде Австрияда, Қытайда, Грекияда, Италияда, Пәкстанда, Польшада, Испанияда, Португалияда ҚБЖО-ның жергілікті деңгейде бақылауды жүзеге асыруға құқығы бар. Әдетте, біртұтас мемлекеттердің жоғары қаржылық бақылау органдары осындай өкілеттіктерді иеленеді.

Халықаралық тәжірибе ішкі бақылау органдары Үкіметке есеп беретін дербес мемлекеттік орган түрінде негізінен бұрынғы социалистік лагерь елдерінде бар екенін көрсетеді. Әлемнің қалған елдерінде, әдеттегідей, тек сыртқы бақылау органдары: есеп палатасы, бас аудитор кеңсесі, мемлекеттік тексеру комиссиялары және т.б. бар. Бұл елдерде ішкі бақылауды әрбір ведомствода құрылатын ішкі бақылау қызметі жүзеге асырады.

Мен халықаралық тәжірибеге тегіннен-тегін егжей-тегжейлі тоқталып өткен жоқпын. Оның таңдаулы үлгілері, маған солай көрінеді, Есеп комитеті әзірлеген Қазақстан Республикасының 2010 жылға дейінгі Мемлекеттік қаржы бақылауын дамыту тұжырымдамасының жобасында жинақталған болатын.

Мемлекеттік қаржы бақылау жүйесін реформалауды екі кезеңде жүргізу (бірінші кезең – 2006-2007 жылдар, екінші кезең – 2008-2010 жылдар) ұсынылады, мұның өзі экономикалық реформалар кешенінде неғұрлым маңызды құрауыштардың бірі болуға тиіс.
Тұжырымдаманың басты міндеттерінің санатында мемлекеттік қаржы бақылауын жүзеге асыратын органдар мәртебесін көтеру мен оларды институттық нығайту да, сондай-ақ олардың құрылымын оңтайландыру да белгіленген. Ішкі және сыртқы бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар функциялары мен өкілеттіктерінің ара-жігін айқын ажырату көзделеді. Осы және басқа міндеттерді жүзеге асыру біздің елімізді мемлекеттік қаржы бақылау саласындағы халықаралық стандарттарға жақындата түседі.

Алайда мемлекеттік қаржы бақылау жүйесін реформалаудың бірінші кезеңін жүзеге асырудың басты міндеті, менің ойымша, біздің еліміздің жоғары қаржы бақылау органының тәуелсіздігін күшейту болуға тиіс. Осы мақсатпен таяудағы уақыттың өзінде Есеп комитетінің функциялық, ұйымдастырушылық және қаржылық тәуелсіздігін қамтамасыз ету орынды болады деп есептеймін, бұл – демократиялық мемлекеттің басты қағидаларының бірі. Және, әрине, республикалық бюджеттің орындалғаны туралы әрі тұтастай мемлекеттік қаржы ресурстарын басқару үдерісіне қатысты толық, объективті және дұрыс есепті қалыптастыру үшін жеткілікті штат санымен қамтамасыз ету деген сөз.

Мемлекеттік қаржы бақылау жүйесін жетілдіру жөнінде соңғы кезде айтылған идеялар аз емес. Солардың бірі Қаржы министрлігінің Қаржы бақылау және мемлекеттік сатып алу комитетін аталған министрліктен (Мемлекеттік сатып алу комитетін) бөліп шығару және қаржылық бақылау саласындағы функцияларды Есеп комитетіне беру арқылы қайта құруды ұсынады. Қайта құрылған Қаржы бақылау комитетінен Қаржы министрлігінің Мемлекеттік сатып алу комитеті мен ішкі бақылау қызметін үйлестіруді жүзеге асыратын құрылымдық бөлімше (басқарма немесе департамент) құрылады. Бұған қосымша ел өңірлерінде өздерінің күш-жігерлерін республикалық бюджеттің трансферттер мен субвенциялар түріндегі қаражаттарының пайдаланылуына бақылауды жүзеге асыруға жұмылдыруы жөн болатын Есеп комитетінің аумақтық бөлімшелері құрылуға тиіс.

Осы таяуда ғана мәслихаттардың тексеру комиссиялары мәслихаттарға есеп беретін және олардың бақылауында қалатын мемлекеттік органдар болып қайта құрылды, алайда әзірше оларда әдістемелік сипаттағы проблемалар орын алып отыр, аппарат және тіпті үлгі ереже де жоқ. Және, менің ойымша, бұл проблемалар үйлесімді шешілуге тиіс.

Мемлекеттік бақылау жүйесін реформалау жөніндегі ұсыныстарды талқылауға тура келген сарапшылар мен талдаушылар ұсынылып отырған шараларды жүзеге асырудың мемлекеттік қаржы бақылау жүйесінің тиімділігін арттыруға, аппаратты ұстауға кететін шығындарды азайтуға, бақылау іс-шараларының сапасын арттыруға және олардың мемлекеттік стандарттарға сай келуін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретініне кәміл сенімді. Әрине, жоғарыда келтірілген ұсыныстарды негізге алып қабылдау мемлекеттік қаржы бақылау саласын реттейтін кейбір заңнамалық актілерге тиісінше өзгерістер мен толықтырулар енгізуге әкеліп соғады.
Есеп комитеті туралы заң жобасын әзірлеу аса маңызды рөл атқаруға тиіс. Ең бастысы – бұл заңда мыналар назарға алынып айқын жазылуға тиіс: бірінші – Үкіметтің жұмысын объективті бағалауға мүмкіндік беретін Есеп комитетінің тәуелсіздігі, екінші – Есеп комитетінің есеп беру қағидаты және ақыр соңында – сыртқы қаржылық бақылауды жүзеге асыру жөніндегі барынша кеңейтілген өкілеттіктер. Есеп комитеті туралы заңды қабылдау біздің бюджеттің айқындығын, салық төлеушілер қаражаттарын қалыптастыру мен пайдаланудың тиімділігін айтарлықтай арттыруға мүмкіндік береді.ҚР СтатАгенттігінің (қаңтар 2011 ж) оперативті мәліметтері бойынша субьектілердің қалдық қаржылық нәтижесі 129,3 млрд теңге табыс есебінде анықталды, ол 2010 жылғы деңгейінен 35,5%-ға жоғары (95,4 млрд теңге). 2010 жылға сәйкес мерзімімен салыстырғанда қаржылық нәтижелердің кеншығару өндірісінде - 92% (46,1 млрд. теңге) және өңдеу өндірісінде – 47% (17млрд. теңге) оңтайлы өсуі байқалды

Жоғары қаржы бақылау органдарының халықаралық ұйымына мүше елдердің тәжірибесін зерделеу мемлекеттік қаржы бақылаудың олардың басым көпшілігінде сыртқы жіне ішкі болып бөлінеді. Халықаралық тәжірибеде бюджеттік үдерісті сыртқы қаржылық бақылау құзыретіне кіретін мемлекеттік органды белгілеу үшін қаржылық бақылаудың жоғары органы деген бір ізге түсірілген атау пайдаланылады. Қаржылық бақылау жүргізу органдарының қызметі кейбір елдерде арнайы заңнамамен, тіпті конституциялық заңдармен реттеледі.

## Өз-өзін бақылау сұрақтары

- Мемлекеттік қаржы бақылаудың тиімділігін арттыру
- Мемлекеттік қаржы бақылау жүйесін жетілдіру идеялары

## Ұсынылатын әдебиеттер


- Худяков А.И. Финансовое право Республики Казахстан. Общая часть. – Алматы: Баспа, 2001.

- Худяков А.И. Финансовое право Республики Казахстан. Особенная часть. – Алматы: Норма-К, 2002.
- Худяков А.И. Основы теории финансового права. – Алматы: Жеті Жарғы, 1995.
- Финансовое право: Учебник. / Под ред. Н.И. Химичевой. – М.: Юрист, 1999.
- Финансовое право: Учебник. / Под ред. О.Н. Горбуновой. – М.: Юрист, 2000.


**6. Тақырып  Мемлекеттік бюджеттік қатынастарды реттеу**

- Қазақстан Республикасының Президенті бюджеттік қатынастарды реттеу саласында
- Қазақстан Республикасыны Парламенті бюджеттік қатынастарды реттеу саласында
- Қазақстан Республикасының Үкіметі бюджеттік қатынастарды реттеу саласында
- Бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті орган

Мемлекеттік бюджеттік қатынастарды реттеу саласындағы құрылымын: Қазақстан Республикасының Президенті; Қазақстан Республикасының Парламенті; Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті; Қазақстан Республикасының Үкіметі. Экономикалық жоспарлау жөніндегі қорталық уәкілетті қорган. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі қорталық уәкілетті орган. Бюджетті атқару жөніндегі қорталық уәкілетті қорган. Ішкі бақылау жөніндегі орталық уәкілетті орган. Мәслихат; Жергілікті атқарушы қорган құрайды.

**Қазақстан Республикасының Президенті бюджеттік қатынастарды реттеу саласында:** Республикалық бюджетті әзірлеу және оның атқарылуы туралы есеп беру тәртібін айқындайды. Республикалық бюджет комиссиясын құрады, ол туралы ережені бекітеді, оның құрамын айқындайды. Қазақстан Республикасының аумағында төтенше мемлекеттік бюджет енгізу туралы шешім қабылдайды және оны әзірлеу тәртібін айқындайды. Мемлекеттік жағдай мен республиканың ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттары туралы Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауда алдағы жылға арналған Қазақстан Республикасының бюджет саясатының негізгі бағыттарын айындайды. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңес құрады және ол туралы ережені бекітеді. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру және пайдалану тиімділігін арттыру жөнінде, сондай-ақ  оны пайдаланудың көлемі мен бағыттары жөнінде шешімдер Қабылдайды. Қазақстан Респуьбликасының Ұлттық қорын қалыптастыру және пайдалану туралы есептерді бекітеді. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

**Қазақстан Республикасыны Парламенті бюджеттік қатынастарды реттеу саласында:**

Республикалық бюджетті, сондай-ақ  Республикалық бюджетке өзгерістер мен толықтырулар енгізуді бекітеді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің Республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептерін бекітеді.

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті бюджеттік қатынастарды реттеу саласында:

Республикалық бюджеттің атқарылуына сыртқы бақылауды жүргізу тәртібін белгілейді;

Ішкі бақылау жөніндегі орталық уәкілетті қорганмен бірлесіп, мемлекеттік Қаржы бақылауының стандарттарын әзірлейді, сондай-ақ  оларды бекітеді және олардың сақталуына бақылауды жүзеге асырады;

Республикалық бюджеттің атқарылуына сыртқы бақылауды жүзеге асырады;

Төтенше мемлекеттік бюджеттің атқарылуына бақылауды жүзеге асырады;

Бақылау іс-шараларының қорытындылары бойынша қабылданған шешімдердің қорындалуын бақылауды жүзеге асырады.Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

**Қазақстан Республикасының Үкіметі бюджеттік қатынастарды реттеу саласында:** Қазақстан Республикасының Парламентіне Республикалық бюджетті және оның атқарылуы туралы жылдық есепті табыс етеді; Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетіне Республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті табыс етеді. Жергілікті бюджеттердің жобаларын әзірлеу тәртібін айқындайды; Республикалық бюджеттің атқарылуын қамтамасыз етеді, Республикалық және жергілікті бюджеттерді атқару тәртібін айқындайды; тиісті қаржы жылына арналған Республикалық бюджет туралы заңды іске асыру туралы қаулы қабылдайды; қарыз алуды жүзеге асырады; шикізат сектқоры ұйымдарының тізбесін бекітеді; қорта мерзімді фискалдық саясат жобасын әзірлеу тәртібін айқындайды; бюджеттік инвестициялық жобаларды қарау тәртібін айқындайды. салықтық емес түсімдерді алуға жауапты және олардың түсуіне бақылауды жүзеге асыратывн уәкілетті мемлекеттік органдардың тізбесін, оларды бюджетке аудару тәртібін айқындайды. мемлекеттік емес қарыздар бойынша мемлекеттік кепілдіктер беру қажеттік туралы шешімдер қабылдайды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік емес қарыздар бойынша мемлекеттік кепілдіктер беру тәртібін, мемлекеттік және мемлекеттік кепілдік берген қарыздарды алу, пайдалану, өту және оларға қызмет көрсету, оларды тіркеу мен есепке алу, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген бқорыштың монитқорингі мен оны басқару тәртібін айқындайды. Мемлекеттік мекемелердің өз иелігінде қалған тауарларды өткізуден түсетін ақшаны пайдалану тәртібін айқындайды. Қазақсатн Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервін пайдалану тәртібін айқындайды. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына активтерді есептеу, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын пайдалану тәртібін айқындайды. Қазақстан Республикасының ҰлттыҚ Банкімен бірлесіп Қазақстан Республикасының Үлттық қорын қорналастыру үшін рұқсат етілген қаржылық активтердің және материалдық емес активтерді қоспағанда, өзге мүліктің тізбесін айқындайды. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жыл сайынғы аудиттің өткізілуін қамтамасыз етеді. Төмен тұрған бюджеттерден жоғары тұрған бюджетке бюджеттік алып қоюлардың және жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджеттерге бюджеттік субвенцияларды аударыд тәртібі мен кезеңділігін айқындайды: Жалпы сипаттағы ресми трансферттер көлемдері есептерінің әдістемесін айқындайды.

Жергілікті мемлекеттік басқарудың үлгілік құрылымын және жергілікті атқарушы қоргандардың штат саны лимитін бекітеді;

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен Қазақстан Республикасының Ұлттық Қорын қалыптастыру және пайдалану туралы жылдық есепті жасайды.

Қазақстан Республикасының заңдарына және Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне сәйкес өзнге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің орта мерзімі фискалдық саясатының жобасын әзірлейді; тиісті қаржы жылына арналған Республикалық бюджет туралы, бюджетке өзгерістер мен толытырулар енгізу туралы заңдардың жобаларын әзірлейді және оларды қарауға Қазақстан Республикасының Үкіметіне табыс етеді; тиісті қаржы жылына арналған Республикалық бюджет туралы заңды іске асыру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметі Қаулысының жобасын әзірлейді; бюджеттік өтінім жасаудың және табыс тәртібін айқындайды; мемлекеттік мекемелердің өз иелегінде қалатын тауарларды өткізуден түсетін түсімдер мен ақша шығыстарының болжамын жасау нысанын белгілейді; бюджет түсімдерін болжау әдістемесін айқындайды; бірыңғай бюджет сыныптамасының жобасын әзірлейді; жылдық қаржыландыру жоспарын әзірлейді және бекітеді.

Мемлекеттік және мемлекет кепілдік қарыз алуды және борышты жоспарлау мен талдау жүзеге асырады.Бюджеттік кредиттеуді жоспарлау мен талдауды жүзеге асырады.

Экономикалық жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті қорган бюджеттік қатынастарды реттеу саласында: Республиакның әлеуметтік-экономикалық дамуының қорта мерзімді жоспарының жобасын әзірлейді.

Басым бюджеттік инвестициялық жобалардың тізбесін қалыптастырады.
Гранттарды тартуға басымдылығы бар өтінімдердің тізбесімен қалыптастырады және оны Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізеді.Бюджеттік инвестициялар мен гранттардың тиімділігне бағалауды жүргізеді.Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

**Бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті орган:**

Республикалық бюджетті атқарады және жергілікті бюджеттердің атқарылуына қызмет көрсетуді жүзеге асырады.

Тиісті қаржы жылына арналған Республикалық бюджет туралы, бюджетке өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңдардың жобаларын әзірлеуге қатысады.
Тиісті қаржы жылына арналған Республикалық бюджет туралы заңды іске асыру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметі Қаулысының жобасын әзірлеуге қатысады.
Бюджетке түсетін түсімдерді болжауға және мемлекеттік бюджетке кірістердің түсуі салачсындағы мемлекеттік саясаттың мақсаттары мен басымдақтарын айқындауға қатысады.

Республикалық бюджеттің түсімдері мен оны қржыландырудың жиынтық жоспарларын бекітеді және оларға өзгерістер енгізеді.

Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне рұқсаттар береді.

Мемлекеттік мекемелердің азаматтық-құқықтық мәмілелерін тіркеуді жүзеге асырады.

Мемлекеттік мекемелердң міндеттемелері бойынша төлемдерді жүзеге асырады

Уақытша бос бюджеттік ақшаны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі салымдарға орналастырады;

Банктік шоттардан шетел валютасын қайта айырбастау тәртібін айқындайды.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті қорганда мемлекеттік мекемелердің шоттарын ашу, жабу және жүргізу тәртібін айқындайды.

Бюджеттік есепке алуды жүргізу тәртібін айқындайды.

Есептік жасаудың және табыс етудің тәртібін айқындайды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздарын алады, пайдаланады тіркейді, өтейді және оларға қызмет көрсетеді, бағалы қағаздардың ұйымдастырылған рыногында өзі шығарған мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды сатып алу мен сатуды жүзеге асырады.

Мемлекеттік емес қарыздардың мемлекеттік кепілдіктері бойынша міндеттемелердің қорындалуын қамтамасыз етеді,

Бюджет қаражатын игеру моницқорингін жүзеге асырады.

Республикалық бюджеттің атқарылуыбарысында Республикалық бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалауды жүзеге асырады.
Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы, бюджеттік есепке алу есептілік жөніндегі әдістемелік басшылықты жүзеге асырады.

## Өз-өзін бақылау сұрақтары

- Қазақстан Республикасыны Парламенті бюджеттік қатынастарды реттеу саласында
- Қазақстан Республикасының Үкіметі бюджеттік қатынастарды реттеу саласында

## Ұсынылатын әдебиеттер


- Худяков А.И. Финансовое право Республики Казахстан. Общая часть. – Алматы: Баспа, 2001.

- Худяков А.И. Финансовое право Республики Казахстан. Особенная часть. – Алматы: Норма-К, 2002.
- Худяков А.И. Основы теории финансового права. – Алматы: Жеті Жарғы, 1995.
- Финансовое право: Учебник. / Под ред. Н.И. Химичевой. – М.: Юрист, 1999.
- Финансовое право: Учебник. / Под ред. О.Н. Горбуновой. – М.: Юрист, 2000.
- ҚР-ның бюджет кодексі.


**7. Тақырып Бюджет саласындағы басқару және бюджеттік бақылау.**

- Мемлекеттік Қаржылық бақылау обьектілері
- Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы
- Ішкі бақылау жөніндегі қорталық уәкілетті орган
- Бюджеттік комиссия

Мемлекеттік Қаржылық бақылау обьектілері қызметінің Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкесітгіне ішкі бақылауды жүзеге асырады.

Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы ол бойынша есеп және есептілік жүргізу гранттардың мемлекет кепілдік қарыздардың мемлекет активтердің мемлекеттік мекемелердің тауарлар сатуынан түскен өз иеліктерінде қалатын ақшаның пайдаланылуы бөлігінде Қазақстан Республикасының заңдары талаптарының бұзылу себептеріне баға береді.

Бақылау іс-шараларының қорытындылары бойынша қабылданған шешімдердің қорындалуына бақылауды жүзеге асырады.

Облыс, Республикалық маңызы бар қала, астана, аудан әкімдігі: жергілікті бюджет жобасын әзірлейді және оны мәслихатҚа табыс етеді.

Жергілікті бюджеттің атқарылуын қамтамасыз етеді және мәслихатқа оның атқарылуы туралы жылдық есепті табыс етеді.

Тиісті Қаржы жылына арналған жергілікті бюджет туралы жергілікті өкілді қорганның шешімін іске асыру туралы қаулы қабылдайды.

Жергілікті атқарушы қорганның қорта мерзімді фискалдық саясатын бекітеді.

Экономикалық бюджеттік жоспаарлау бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті қоргандарды Құрады.

Облыстың Республикалық маңызы бар қаланың астананың ауданның бюджет комиссиясын құрады, ол туралы ережені бекітеді, оның құрамын айқындайды.

Бюджеттік комиссия- бюджет жоьасын уақытылы және сапалы әзірлеу мен бюджетті нақтылау және атқару жөнінде ұсыныстар жасауды қамтамасыз ету мақсатында құрылатын комиссия.

Республикалық бюджетті комиссия және облыстардың Республикалық маңызы бар қалалардың астананың ауданның бюджеттік комиссиялары өз Қызметін тұрақты негізде жүзеге асырады.

Бюджеттік комиссиялардың құзыретіне: алдағы үш жылдық кезеңге арналған орта мерзімді фискалдық саясат жөнінде ұсыныстар талдап-жасау; тиісті Қаржы жылына арналған бюджеттер жобаларының көрсеткіштерін айқындау жөнінде ұсыныстар талдап-жасау.

Алдағы үш жылдық кезеңде және жоспарланып отырған Қаржы жылында қаржыландыруға арналған бюджеттік бағдарламаларды іріктеу қорта мерзімді фискалдық саясатты негізге ала отырып, оларды іске асыру тетігін айқындай жөнінде ұсыныстар талдап-жасау.

Республикалық немесе жергілікті бюджеттердің шығыстарын ұлғайтуды немесе түсімдерін қысқартуды көздейтін нормативтік құқықтық актілердің жобалары бойынша ұсыныстар талдап-жасау.

Тиісті Қаржы жылына арналған бюджеттерді нақтылау жөнінде ұсыныстар талдап-жасау.

Бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуын бағалау нәтижелерін қарау және сролар бойынша ұсыныстар талдап-жасау.

Бюджеттік жоспарлау жөніндегі қорталық немесе жергілікті уәкілетті қоргандар тисінше бюджеттік комиссияның отырыстарын өткізеді, оның жұмысын жоспарлайды, оның шешімдерінің іске асырылуына жалпы бақылауды жүзеге асырады және комиссия жүзеге асыратын қызметке жауапты болады.

Бюджеттік комиссияның төрағасы болмаған кезде оның функцияларын бюджеттік комиссия төрағасының өзі тағайындаған қорынбасары қорындайды.

Бюджеттік комиссияның хатшысы бюджеттік комиссияның қызметін қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты үйлестіреді, бюджеттік комиссия отырыстарының хаттамаларын дайындайды.

Бюджет бір Қаржы жылына жоспарланады. кезекті Қаржы жылына арналған бюджеттің жобасымен бір мезгілде алдағы үш жылдық кезеңге арналған бюджеттің болжамы жасалады.

Республикалық бюджеттің жобасын әзірлеу тәртібін Қазақстан Республикасының Президенті айқындайды. Жергілікті бюджеттердің жобаларын әзірлеу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің алдағы үш жылдық кезеңге арналған қорта мерзімді фискалдық саясатын Қазақстан Республикасының Үкіметі ағымдағы жылдың 1 - маусымына дейін бекітеді және ол міндетті түрде жариялануға жатады.

Жергілікті атқарушы қорганның алдағы үш жылдық кезеңге арналған қорта мерзімде фискалдық саясатын жергілікті атқарушы қоргандар ағымдағы жылдың 1 шілдесіне дейін бекітеді және ол міндетті түрде жариялануға жатады.

Орта мерзімді фискалдық саясатты әзірлеу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

**Заттай нормалар** – қажетті материалдық немесе материалдық емес игіліктерді тұтынудың немесе пайдаланудың заттай көрсетыкшетір. Заттай нқормаларды қолдану бюджетті жоспарлау мен атқарылу кезінде міндетті болып табылады.

Заттай нқормаларды қорталық мемлекеттік қоргандар әзірлейді және Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Орталық мемлекеттік қоргандар мемлекеттік бюджеттің және республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуының болжамды көрсетікшетерін есекере отырып, Республикалық бюджет комиссиясының қарауына заттай нқормаларды өзгерту немесе олардың күшін жою туралы ұсыныстар енгізу құқылы.

Бюджет түсімдерін болжауды республиканың немесе аймақтық орта мерзімді әлеуметтік-экономикалық даму жоспары және үш жылдық кезеңге арналған қорта мерзімді фискалдық саясат негізінде бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады.

